

**А.Д. Қасенова\*** , **Ә.М. Манапова** 

Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты, Қазақстан, Алматы қ.

\*e-mail: asema\_94@mail.ru

## **САРЫАРҚАНЫҢ ТАС МҮСІНДЕРІ: ЗЕРТТЕЛУІ МЕН ТАЛДАНУЫ**

Жұмыста Сарыарқаның кең байтақ даласын безендіріп тұрған монументалдық ескерткіштері, ежелгі және ортағасырлық тас мүсіндердің зерттелу нәтижелері баяндалады. Мақала Сарыарқаның тас мүсіндерінің зерттелуіне және толықтай талдауға арналған. Тас мүсіндер туралы алғашқы ғылыми мәліметтерді Ш.Ш. Уәлиханов Қозы Көрпеш – Баян сұлу ұйтасын зерттегенде және Ыстықкөл маңына жасаған сапары кезінде көп жинақтаған. Сарыарқа жеріндегі әр қилы монументальдық ескерткіштерді ғылыми түрде терең зерттеген Ә.Х. Марғұлан болды. Ортағасырлық көшпенділердің ескерткіштеріне жатқызылған Жанғабыл өзені бойынан табылған тас мүсіндерге Ә.Х. Марғұлан мен А.Р. Қызласов талдау жүргізді. Ал 1950 жылдардың ортасынан 1980 жылдардың басына дейін Орталық Қазақстандағы ежелгі және ортағасырлық тас мүсіндерді зерттеумен М.Қ. Қадырбаев айналысты.

Мақалада 1990-шы жылдардың басынан бастап қазіргі уақытқа дейінгі Сарыарқа тас мүсіндерін зерттеудің қазіргі кезеңінің тарихы талданады. Соңғы онжылдықта Сарыарқаның тас мүсіндерін зерттеудің хронологиялық шеңбері кеңейіп келеді. Қазіргі уақытта ғалым А.З. Бейсенов Сарыарқаның сақ кезеңінің тас мүсіндері мен стеллаларына қатысты өзекті мәселелерді көтеріп, олар орналасқан кешендерді жан-жақты зерттеп жүр. А.М. Досымбаева 2009 ж. бастап Солтүстік Сарыарқаның ортағасырлық тас мүсіндерімен айналыса бастады.

**Түйін сөздер:** Сарыарқа, тас мүсіндер, монументалды, сақ кезеңі, түркі қоршаулары, қыпшақ ғибадатханалары.

A.D. Kasenova\*, A.M. Manapova

A. Kh. Margulan Institute of Archaeology, Kazakhstan, Almaty

\*e-mail: asema\_94@mail.ru

### **Stone statues of Saryarka: research and analysis**

The paper presents the results of a study of ancient and medieval stone sculptures that adorn the wide steppes of Saryarka. The article is devoted to the problem of the need for research and a complete analysis of the stone sculptures of Saryarka. The first scientific information about stone statues was collected by Ch. Valikhanov while studying the mausoleum of Kozy Korpesh – Bayan Sulu during his travels around Issyk-Kul. A. Kh. Margulan in his writings presented serious scientific studies of the monumental monuments of Saryarka. Along with this, A. Kh. Margulan and L. R. Kyzlasov jointly analyzed the stone sculptures attributed to the monuments of medieval nomads, which were discovered on the banks of the Zhangabyl River. From the mid-1950s to the early 1980s, researcher M.K. Kadyrbaev was engaged in the study of ancient and medieval stone sculptures in Central Kazakhstan.

The article also analyzes the history of the modern stage of the study of Saryarka stone sculptures. In the last decade, the chronological framework for studying the stone sculptures of Saryarka has been expanding. At present, the scientist A. Z. Beisenov in his works touches upon topical issues related to stone sculptures and stellations of the Saka period of Saryarka, is engaged in a comprehensive study of the complexes in which they are located. Since 2009, A. M. Dosymbaeva has also been working on a comprehensive analysis of medieval stone sculptures of Northern Saryarka.

**Key words:** Saryarka, stone sculptures, monumentality, Saka period, Turkic fences, Kipchak shrines.

А.Д. Қасенова\*, А.М. Манапова

Институт археологии им. А.Х. Маргулана, Казахстан, г. Алматы

\*e-mail: asema\_94@mail.ru

### **Каменные изваяния Сарыарки: исследование и анализ**

В работе представлены результаты исследования древних и средневековых каменных изваяний, которые украшают широкие степи Сарыарки. Статья посвящена проблеме необходимости исследования и полного анализа каменных изваяний Сарыарки. Первые научные сведения

о каменных изваяниях были собраны Ч. Валихановым при изучении мавзолея Козы Корпеш – Баян Сулу в период его путешествия по окрестностям Иссык-Куля. А. Х. Маргулан в своих трудах представил серьезные научные исследования монументальных памятников Сарыарки. Наряду с этим А. Х. Маргулан и Л. Р. Кызласов совместно провели анализ каменных изваяний, отнесенных к памятникам средневековых кочевников, которые были обнаружены на берегу реки Жангабыл. Начиная с середины 1950-х и до начала 1980-х годов изучением древних и средневековых каменных изваяний в Центральном Казахстане занимался исследователь М. К. Кадырбаев.

В статье также анализируется история современного этапа изучения каменных скульптур Сарыарки. В последнее десятилетие расширяются хронологические рамки изучения каменных изваяний Сарыарки. В настоящее время ученый А. З. Бейсенов в своих работах затрагивает актуальные вопросы, касающиеся каменных изваяний и стелл сакского периода Сарыарки, занимается всесторонним изучением комплексов, в которых они расположены. Начиная с 2009 г. Досымбаева А. М. также ведет работы по комплексному анализу средневековых каменных изваяний Северной Сарыарки.

**Ключевые слова:** Сарыарка, каменные изваяния, монументальность, сакский период, тюркские ограды, кыпчакские святилища.

*«Өткен заман мәдениетінің бізге келіп жеткен ескерткіштері ішіндегі көзге ерекше түсетіндері – тас мүсіндері».*  
Ә. Марғұлан

## Кіріспе

Тас мүсіндер – өткен заман мәдениетінің бізге келіп жеткен ескерткіштері ішіндегі көзге ерекше түсетіндері. Мақалаға арқау болып отырған Сарыарқаның тас мүсіндерінің зерттелуі мен талдануы, әлі де жіті зерттеуді қажет ететін қызықты, өте тың тақырып. Тас мүсіндерді іздеп табу, тіркеу және есепке алу, оларды ғылыми айналымға енгізу жұмыстары соңғы жылдары қолға алынууда.

Кең дала төсіне сән беріп тұрған қазіргі уақытта не үшін қойылғаны қызығушылық тудырған ескерткіштер ерте кезден-ақ ғалымдар назарын өзіне аударған. Олар туралы орта ғасырларда саяхатшылар мен елшілердің жазбаларында алғаш рет кездеседі. XVII – XIX ғғ. кезінде Россия ғалымдары, әскери топографтар тас мүсіндерді картаға түсіреді (Кастанье, 2007: 204-205).

Ш.Ш. Уәлиханов тас мүсіндер туралы алғашқы ғылыми мәліметтерді Қозы Көрпеш – Баян сұлу ұйтасын зерттегенде және Ыстықкөл маңына жасаған сапары кезінде көп кездестіріп, қағаз бетіне түсіріп отырған (Валиханов, 1984, т. I: 309; Валиханов, 1984, т. IV: 385). Кеңес уақытында Жетісу мен Қазақстанның оңтүстігінің монументальдық ескерткіштерін Я.А. Шер (Шер, 1966), ал шығысындағы ескерткіштерді А.А. Чариков (Чариков, 1987) зерттеп, мол мағұлмат қалдырды.

Қазақстанның қай аймағында болса да тас мүсіндер сияқты тарихи ескерткіштер бар, бірақ

Орталық Қазақстанда олар өте жиі және жүйелі түрде кездеседі. Бұл тас мүсіндер Торғай өзені мен Ұлытау төңірегінен бастап, бүкіл Сарыарқаның жонымен шығысқа қарай созылып, Алтай, Тарбағатай тауларына барып тіреледі» – деп атап өтті академик Әлкей Хақанұлы Марғұлан (Марғұлан, 1966: 8).

Соңғы онжылдықта Сарыарқаның ортағасырлық тас мүсіндеріне ғалымдар көп көңіл аударуда. А.М. Досымбаева 2009 ж. бастап Солтүстік Сарыарқаның ортағасырлық тас мүсіндерін зерттей бастады (Досымбаева, Нускабай, 2012). 2009 ж. А.М. Досымбаеваның жетекшілігімен мүсіндері бар түркі қоршауларына, соның ішінде Қос батыр жеріндегі екі қоршаудан тұратын кешенді және Қарағайлы ауылына жақын Қарағайлы 1 жалғыз қоршауға қазба жұмыстары жүргізілген (Досымбаева, Нускабай, 2012). Осы қоршаулардан Сарыарқаға тән ерекшеліктерді көреміз: олар кіші қоршаулар санатына жатады; екі қоршаудан тұратын кешен солтүстік-оңтүстік сызық бойымен бағытталған; әрбір қоршаудың шығыс жағына бір қолында ыдысы және қаруы бар ерлерді бейнелеген тас мүсіндер орнатылған. Қоршаулардан балбал тастар анықталмаған, мүмкін олар сақталмаған болуы керек. А.М. Досымбаева екі ескерткішті де VI-VII ғғ. жатқызады (Досымбаева, Нускабай, 2012).

Сақ кезеңінің маманы, белгілі археолог А.З. Бейсенов өзінің зерттеу тобымен бірге қазіргі уақытта Сарыарқаның сақ кезеңінің тас мүсіндері мен стеллаларына қатысты өзекті мәселелерді көтеріп, олар орналасқан кешендерді жан-жақты зерттеп жүр. Ғылыми топ 2014 ж. Атасу өзені бойында орналасқан стелалар мен балбал тастары бар түркілік қоршаулардан тұратын кешенге қазба жұмыстарын жүргізді. Бұл құрылыстар

Қабантау «мұртты» обасының тізбектері аралығында тұрғызылған. Зерттеушілер радио-көміртекті талдауды қолдана отырып «мұртты» обаны V–VI ғғ. екінші жартысына жатқызса, ал заттай деректер негізінде стелалар мен балбал тастары бар түркілік қоршауларды VI–VII ғғ. мерзімдеді (Бейсенов, Хасенова, Ахияров, Дуйсенбай, 2018: 64).

Осы тақырыппен айналысып жүрген авторлар түркі қоршауларының аз зерттелгенін атап өтіп, далалық зерттеу жүргізудің қажеттілігі туралы мәселені көтеруде.

### Материалдар мен әдістер

Тақырыпқа арқау болып отырған Сарыарқа жеріндегі әр түрлі монументальдық ескерткіштерді ғылыми тұрғыда терең зерттеген академик Әлкей Хақанұлы Марғұлан болды. Ғалым өзінің «Ұлытау төңірегіндегі тас мүсіндер» атты мақаласында: «Тас мүсіндердің таралу картасы бойынша, олар көбінесе таулы өлкелердің жазық алаңында, не соларға жақын жерлерде кездесетіні байқалады (1-сурет). Өйткені тас мүсін жасау үшін таулы өлкелер өте қолайлы болған деп», (Марғұлан, 1966: 8) – қазақ даласындағы тас мүсіндерді жан-жақты талдап, бұл ескерткіштердің осы өңірді мекендеген ата-бабаларының мұрасы екендігін ғылыми тұрғыда дәлелдеп берді. Сыртқы құрылысы бойынша тас мүсіндер екі түрде: біріншісі граниттен жасалған төрт бұрышты тас шарбақтың күншығыс жиегінде, екіншісі үйге тас обалардың күншығыс жақ етегінде (Манапова, 2004: 31) кездесетінін атап өтті. Ә.Х. Марғұланның жоғарыда талданған мақаласы қазақ және орыс тілдерінде, иллюстрациялық материалдармен толықтырылып 2003 ж. қайта баспадан жарық көрді (Марғұлан, 2003: 22-24). Жарыққа шыққан кейінгі еңбегінде Орталық Қазақстан, Шығыс Қазақстан және Жетісудың 120-дан астам мүсінінің сызбалары, фотосуреттері және мүсіндері бар құрылыстардың жоспарлары жарияланған. Ә.Х. Марғұланның жинақта жариялаған және мұрағаттан алынған сызбалары, фотосуреттері, схемалық жоспарлары өткен ғасырдың ортасында жасалғанымен, ғалымның еңбектері қазіргі уақытқа дейін өте өзекті болуда.

1946 жылы Қаз КСР Ғылым Академиясының Тарих, археология және этнография институтының Орталық Қазақстанда жүргізген археологиялық жұмыстары негізінде, 1948 жылы жазған мақаласында Ә.Х. Марғұлан: «Среди памятников древних кочевников Центрального

Казахстана особое внимание заслуживают статуи или так называемые «каменные бабы» балбалы», – деп олардың Кеңгір өзенінің жоғарғы ағысында Ұлытау жоталарында Арғанаты алаңында көптеп кездесетінін атап көрсетті. Қ.И. Сәтбаевтың анықтауынша тас мүсіндер жасалған қызғылт құмтастың Ұлытауда кездеспейтінін, басқа жақта жасалып әкелінгендігін де атап өтті. Осы экспедиция Ұлытаудың солтүстік қыратынан бес тас мүсін: біреуін Тор-Қара мавзолейі жанынан, келесісін Тоғызбай-көл шатқалынан, ал үшіншісін Өрезайырдан тапты (Марғұлан, 1948: 119-144), – деп жеке тоқталып өтті. Осы жылғы археологиялық зерттеудің басты мақсаты материалдық мәдениет ескерткіштерін есепке алу және зерттеу болған еді. Келесі жарияланған екінші мақаласында Ә.Х. Марғұлан қызғылт құмтаспен қатар сұр граниттен жасалған тас мүсіндерге жеке тоқталды және әрқайсысына сипаттама беріп өтті (Марғұлан, 1948). Экспедиция жұмысын Орталық Қазақстанның тас мүсіндерін ғылыми зерттеудің бастауы деп айтуымызға болады. Ғалымның одан кейінгі жылдары жинақталған материалдары бірнеше мақала және жеке еңбек болып жарық көрді (Марғұлан, 1966: 2003).

1948 жылы Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы Жанғабыл өзенінің оң жағалауынан 400 м қашықтықта орналасқан тас мүсіні бар бір қорған зерттеді. Л.Р. Қызласов жерлеу құрылысы бар қорғанда қазба жұмыстарын жүргізді. Экспедиция жұмысына қатысқан Л.Р. Қызласов Жанғабыл өзені бойынан табылған тас мүсінді саралап 1951 жылы мақала жазды. Бірақ, Ә.Х. Марғұлан мен Л.Р. Қызласов Жанғабыл өзені бойынан табылған тас мүсінді әртүрлі суреттеп, әртүрлі сызба суретін жарияласа да, екеуі де оны ортағасырлық көшпенділердің ескерткіштеріне жатқызды (Құрманқұлов, Ермоленко, Қасенова, 2021: 33-35). Кейінірек мүсінді басқа зерттеушілер де зерттеді (Савинов, 1989; Касенова, 2020: 164).

1950 жылдардың ортасынан 1980 жылдардың басына дейін Орталық Қазақстандағы ежелгі және ортағасырлық тас мүсіндерді зерттеумен Мир Қасымұлы Қадырбаев (1932–1982) айналысты.

Ленинград мемлекеттік университетін бітіріп, жас маман ретінде ОҚАЭ аға лаборант қызметіне қабылданған М.Қ. Қадырбаев алғаш рет 1955 ж. ОҚАЭ-ның далалық зерттеу жұмыстарына қатысады. Онымен бірге бұл экспедициялық ұжым құрамында суретші В. Авдеев және фотограф Д.М. Кальницкий

(Құрманқұлов, Ермоленко, Қасенова, 2021: 38-46) болды.

Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының архивінде сақталған ОҚАЭ материалдарында М.Қ. Қадырбаевтың далалық күнделігі сақталған. Күнделікте дала жұмыстарының кейбір сипаттамаларымен қатар ғалымның өзі салған сызбалық суреттері де бар. Күнделікте 1955 жылғы ОҚАЭ зерттеген Бесоба ауылы (Қарағанды облысының Қарқаралы ауданы) мен 1 май атындағы ауыл маңында (Жұмыртқалы көлі) (Павлодар облысының Баянауыл ауданы) орналасқан төрт тас мүсіндер туралы мәліметтер бар (Құрманқұлов, Ермоленко, Қасенова, 2021: 33-35).

Д.Г. Савинов мүсінді бұғы тастарына жатқызып оны б.д. д. VIII-VII ғасырлармен мерзімдесе (Савинов, 1989: 155), Л.Н. Ермоленко, Ж.К. Құрманқұлов және А.Д. Қасеновалар мүсінді қайта зерттегеннен кейін оның сақ дәуіріндегі антропоморфтық мүсінге айналдырылған бұғы тас екендігін анықтап, дәлелдеді (Қасенова, 2020: 164).

### Нәтижелер мен талқылаулар

Академик Әлкей Хақанұлынан бастау алған зерттеулерді 1980-ші жылдардан бастап қазірге дейін Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясының жетекшісі Ж. Құрманқұлов пен экспедицияның белді мүшесі Л.Н. Ермоленко жалғастыруда (Ермоленко, 2004). Ғылыми айналымға жүздеген жаңадан тас мүсіндер енді, бірқатар жаңа тұжырымдар жасалды.

Бүгінгі күнге дейін 300-ден астам ортағасырлық мүсіндер Сарыарқада зерттеліп, оның 111-ы құжатталып есепке алынды.

Тақырып жайлы басылымдарға келетін болсақ, Сарыарқаның ортағасырлық монументалды мүсіндеріне қатысты көптеген жұмыстар жарық көрді (Құрманқұлов, Ермоленко, Қасенова, 2021).

Л.Н. Ермоленконың кандидаттық диссертациясы алғашқы жазылған ғылыми зерттеу нәтижелерінің бірі болды. Диссертациялық жұмыстың басты жаңалығы Сарыарқаның 37 түрік және 38 қыпшақ мүсіндері ғылыми айналымға енгізілді (Ермоленко, 2004), барлық суреттер өлшеніп, 1:10 масштабына сәйкес бірнеше кескіндемелер салынды. Жұмыста ортағасырлық мүсіндердің атрибуттары жүйеленді және діни ғимараттардың иконографиялық жіктелуі ұсынылды. Бұл зерттеулердің нәтижелері 2004

жылы шыққан монографиясында толықтай жарияланды (Ермоленко, 2004).

Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясының қорытындылары, Ә.Х. Марғұланның тас мүсіндерді зерттеуде қалдырып кеткен мұрасы мен бүгінгі күнге дейінгі жинақталған жұмыстардың нәтижесі негізінде ғалым Л.Н. Ермоленконың жетекшілігімен 2019 жылы жас ғалым, осы мақаланың авторы Ә.Д. Қасенова «Сарыарқаның ежелгі және ортағасырлық тас мүсіндерін зерттеу тарихы» атты кандидаттық диссертациясын қорғады.

Бұл еңбекте Сарыарқаның мүсіндерін далалық және теориялық зерттеудің өзара байланысты үрдістерінің бірлігінде зерттеудің жарты ғасырға жуық тарихы талданған. Саяхатшылардың, өлкетанушылардың, геологтардың және т.б. зерттеушілердің XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бірінші жартысындағы мүсіндерді осы ескерткіштердің мәдени-хронологиялық атрибуциясы үшін қазіргі заманғы ғылыми ойларға сәйкес пайдалану әрекеті жасалды. Тарихнаманы талдау негізінде Сарыарқаның монументалды мүсін ескерткіштерін зерттеудің заманауи мәселелері тұжырымдалды. Еңбекте тас мүсіндердің толық тізілімі мен картасы жасалды (Қасенова, 2019; 2020; 2021)

Алғашқы тас мүсіндерді қою дәстүрі Сарыарқада қола дәуірінің соңғы кезеңіне тән. Бұл мал өсірудің кең көлемде дамып, көшпелі тұрмысты игеру кезеңі болды. Тіршілік аңшылық пен малшылыққа ауыса бастады. Алғашқы қойыла бастаған мүсіндер жылқы мен қойға арналды. Олар ғылымға «Менгір» деген атаумен енді. Қазақтар жылқы бейнелі менгірлерді «тұлпартас», қой бейнелілері «қойтас», «қошқартас», жеке тұрғандарды «Сымтас», «серектас», «бағантас» деп атаса, тобымен тұрғандарын «қанаттас», «қорғантас», «самалатас» т.б. атаулармен атаған. Менгірлер Қарқаралы, Баянауыл, Балқаштың солтүстігінде, Сарысу мен Атасу өзендерінің бойында, Аққойтас, Қызылтау, Ортау, Ақтауауларындағы мал өсіруге қолайлы жерлерде көп кездеседі (Марғұлан, 2003; Қасенова, 2020; Құрманқұлов, Ермоленко, Қасенова, 2021). Жылқыға арналған мүсіндер төрт қырлы ұзын тас баған түрінде жасалған, ерекшелігі бас жағы қиғаш үшкірленіп аспанға қарап тұрады. Ал қойтастардың жоғарғы басы кейде үшкірленіп, кейде дөңгеленген, айрықша белгісі екі жағына мүйіз сияқты етіп дөңгелек салынады. Сирек те болса сол кезде

тіршілік еткен жыртқыш аю бейнелері және мал өсіруші адам бейнесі (антропоморфты) де салына бастады. Ақсай өзені жазығындағы ұзын бағандардың бас жағына адамның көздері, мұрны, ауызы оймышталып салынған және ол қойтастар мен тұлпартас арасында тұрғандықтан солармен қатар салынуы мүмкін екендігі күмән туғызбайды.

Мал басы көбейіп, жаңа жайлымдарды игеру мақсатында әскери қақтығыстардың болып тұруынан жауынгердің ролі алдыңғы орынға шыға бастады. Б.д.д. VII-II ғғ. жасалған алғашқы мүсіндер Сарыарқада сақтардың обаларының маңынан табылды (Ермоленко, Курманкулов, Касенова, 2016: 26-32). Қазіргі уақытта қызғылт төрт қырлы шағын граниттен мұқият жасалған мүсіндер саны отызға жақын. Бетіндегі көзі, мұрны, ауызы ойып салынған, айрықша белгісі төбесіндегі айдары мен арқасына түсіп тұрған бұрымы бар (Касенова, 2020: 164).

К.А. Ақышев пен М.Қ. Хабдулина және Л.Н. Ермоленко мен Ж. Құрманқұловтың 2011 жылы бір мезгілде жарықа шыққан екі мақаласына авторлар бірнеше тас мүсіндерді ерте темір дәуірімен мерзімдеген (Касенова, 2020). 2004 жылғы барлау жұмыстары кезінде Ж. Құрманқұлов пен Л.Н. Ермоленко ортағасырлық мүсіндердің иконографиясында ұқсастығы жоқ бір мүсінді анықтады. Ал 2010 ж. Сартоған сайынан табылған тас мүсінді ерте темір ғасырымен мерзімдесе кейін, сақ дәуірінің ескерткіші ретінде қарастырылды. Тас мүсін ақшыл күңгірт түйіршікті тастан жасалған. Тас мүсінің тек төменгі бөлігі сақталған, жоғарғы жағын іздеп табу мүмкін болмады. Мүсінде қару-жарақ және ер адамның дене мүшелері белгілері барельефпен көрсетілген (Курманкулов, Ермоленко, 2014: 8-10).

Сарыарқаның тас мүсіндерінің зерттелуі ерте темір дәуірі Тасмола мәдениетінің зерттелу тарихымен сабақтасып жатыр десек қателеспейміз. Орталық Қазақстанның сақ дәуіріне қарасты тас мүсіндері обалар төңірегінде және мұрты обаларда жерлеу кешендерімен байланысты болады.

Ерте темір дәуіріндегі тас мүсіндер мәселесі жөнінде А. Бейсенов: «Орталық Қазақстан сақтарының тас мүсіндері деген тақырып ғылымда мүлдем белгісіз, бұрын-соңды көтерілмеген мәселе. Сондықтан бұл егжей-тегжейлі зерттеулер мен салыстыруларды қажет ететін мәселе», – деп баға берді (Бейсенов, 2011: 183). Саралап келсек расымен де бұл мәселеге қарағанда ортағасырлық түркі халықтарының,

қыпшақтардың тас мүсіндері анағұрлым ауқымды зерттелген.

Ерте темір дәуірінен кейінгі тас мүсіндер қою дәстүрі араға 6 – 7 ғасырлар салып түрік қағанаты кезінде кең тарады. «Орталық Қазақстандағы тас мүсіндердің топографиялық орналасуында бірталай өзгешелік бар. Олар көбіне қола дәуірінің ескерткіштері сақталған жерлермен қабаттасып отырады. Қай жерде қола дәуірінің тас шарбағы кездесе, соның қасынан Түркі қағанаты кезінде орнатылған тас шарбақ пен тас мүсіндер қатар тұрады», – дей келе «Атасу, Қарқаралы, Беғазы, Баян-Ауыл тауларында сақталған тас мүсіндердің көпшілігі Түркі қағанаты кезінде жасалған тас шарбақ пен тас мүсіндердің қалыптасып өркендеуіне қола дәуірінің тастан жасалған ескерткіштері зор әсер еткенін көрсетеді», – деп сипаттама берді Әлкей Марғұлан (Марғұлан, 1966: 8).

Түркі дәуірінен қалған тас мүсіндердің ерекшелігі, мұнда төрт бұрышталған граниттің бір бетіне кейде барельефті, кейде ойып салынған көбінесе оң қолымен кеуде тұсында қасиетті сусын құйылған ыдыс (кубок, тостаған, кесе пішінді), сол қолымен семсер не қайқы қылыш ұстап тұрған жауынгер, кейбірінде екі қолымен асатаяқ ұстаған абыз бейнелері салынған мүсін тастар шаршы қоршаудың шығыс қабырғасының орта тұсында беті шығысқа қаратылып көмілген. Олардың құлағында дөңгелек немесе салпыншақ сырғалары, үстінде жағалы киімдері мен кемер белбеуі, оған ілінген дорбалары, қылыш, семсері бейнеленген. Мүсіндердің барлығы дерлік ер адамдарға арналған. Шаршы қоршаулар (көлемі 2x2 – 6x6 м дейін) қабырғалары кішілері жеке бір ғана жалпақ қақпатастардан, үлкендері екі-үш қақпатастардан құрастырылып, қырынан көмілген. Көбінесе қоршау ішіне адам жерленбеген. Ортасынан күл мен көмір қалдықтары бар оттың орны табылады. Қоршау іші әр түрлі өлшемдегі тастармен толтырылған. Тастар арасында жергілікті тастармен қатар алыстан әкелінген кен тастары, ақ шақпақ тастар (кварцит) көптеп кездеседі. Ә.Х. Марғұланның айтуынша олар түркілердің зергер, ісмер болғанын көрсетеді (Марғұлан, 1966: 8-52). Кейде (2 дана) үш қырлы граниттің екі қырына салынған бейне байқалады. Үлкен ауызы мен бадырайған көздері қаһарына мініп тұрған батырды елестетеді.

Шығысқа қарай мүсіннің алдыңғы жағына тізіліп кішігірім тас бағандар (балбал) тұрғызылған. Ұзындығы 0,5 шақырымға дейінгі жердегі бағандар саны 200-ден асады.

Ғылымда оларды асқа келген ру басылардың ат байлаған сөрелері немесе мүсінде бейнеленген батырдың өлтірген жауларының санын көрсетеді деген пікірлер бар. Қалай болғанда да олар мүсіннің аса бір сыйлы адамға қойылғанын көрсетеді.

Қыпшақ кезінде тас мүсіндер қою өз жалғасын тапты. Қыпшақ тас мүсіндері бет бейнелері жағынан ұқсас болғанымен олар түркілердікінен өзгеше. Ә. Марғұлан: «... мұндай мүсіндер тас шарбақтардың жанына қойылмай, ұзыны мен ені бірдей өлік арулаған үйме тастың жанына, не тас обалардың шығыс іргесіне орнатылған. Қыпшақ жұртшылығы кезінде жасалған тас мүсіндер тобында балбалдар тізбегі бүтіндей жоқ, ер адамдардың мүсіндері әскери қарумен безелмеген», – деп атап өткендей киімі, қаруы, әшекейлері және скульптуралық бейнедегілері жоқ деуге болады. Көбінесе басы және кіндіктен жоғарғы жағы салынған. Қоғамда әйелдер ролінің үстем болғандығы мүсіндердің көбі әйелдерге арналғандықтан байқалады. Бұл кезеңнің тас мүсіндері үйілген тас обалардың шығыс жақ іргесіне бір-бірден кейде үшеуге дейін беті шығысқа қаратылып көмген ескерткіштерде кездеседі. Осындай ескерткіштердің біріуіне 1990 ж. Ж. Құрманқұлов пен Л.Н. Ермоленко қазба жұмысын жүргізді. Кешен Қызыларай массивінің Қызылтөбе шоқысынан (қазіргі Қара-

ғанды обл., Ақтоғай ауд.) оңтүстік-батысқа қарай 700–800 м, Жіңішке өзенінің оң жағалауында орналасқан. Археологиялық далалық маусымда әйелдер құрметіне арнап салынған монументальды ғибадат орны зерттелді. Төрт бұрышты, қабырғасының биіктігі 50-60 см. Жіңішкенің бойындағы ғибадатхана ішіне 5 әйел мүсіні доға тәрізді етіп орнатылған (Құрмақұлов, Ермоленко, Қасенова, 2021: 95-110). Бір қызығы қойылған кезде олардың үстінде киімі немесе бояумен салынған киім суреті болса керек, мұны бір мүсіннің алжапқышының суреті салынғанынан байқауға болады, сонымен қатар құрылыс еденінен от орны, бақан қалдығы, тас моншақ табылды. Соған қарағанда тастан қаланған қоршау ғимараттың іргетасы, ал жоғарғы жағы саз күмбез болғанға ұқсайды. Ат құйрығы, немесе жалау бекітілген бақан ұшы күмбездің жоғарғы ашық жерінен сыртқа шығып тұрған (Ермоленко, Курманкулов, 2002).

Қыпшақ мүсіндерінің түркі мүсіндерінен тағы бір ерекшелігі олардың арасында келіншек, кемпір, қыз бейнелері көп, керсінше қару-жарақ суреттері жоқ. Сусын құйылған ыдысты екі қолымен кіндік тұсында ұстап тұрады. Кейбіреуінде әйел-еркек жыныс белгілері көрсетілген. Түрлерінен ашу белгілері көрінбейді (Ермоленко, 2002: 35, табл. 19; Курмакулов, Ермоленко, Касенова, 2017).



1-сурет – Ә.Х. Марғұланның типологиясы бойынша қыпшақ кезеңіне тиесілі әйел тас мүсіндері

## Қорытынды

Жалпы қазақ даласында мүсін қою салты XII – XIII ғғ. бастап жоғала бастады. Бұл дәстүрдің тоқтауына бірнеше болжам бар, біріншісі ислам дінінің ықпалының күшеюі салдарынан (Марғұлан, 1966: 50), адамды бейнелеуге тыйым салу. Осы уақыттан бастап кейбір мүсіннің басы сындырылып, немесе тегістелген. Екінші басты себеп ол Шыңғыс ханның билігінің күшеюі, қыпшақ тайпаларының Еуропаға қарай көшіп қоныстануы. Қазіргі Ресей мен Украинаның оңтүстік аймақтарында осы кезеңде далалықтар скульптуралары (половецкие скульптуры) кең тарайды және де Шыңғыс ханның әскері жүріп өткен жерлердің барлығында тас мүсін орнату дәстүрі бәсеңдеп, тоқтай бастайды (Кызласов, 1969; Васютин, 1983). Бұның бәрін жалпы дүние танымның өзгеруі және жаңа мәдениет пен дәстүрдің ықпалы десек болады.

Алайда мүсін тас қою дәстүрі қазақ даласында, қазақтар арасында мүлдем жойылып кетті деуге болмайды. Кейінгі бейіт басына қойылған тастардың (қайрақтас, құлпытас т.б.) көбі ұзынша, адамның басын, денесін бейнелейді. Олардың түрі өзгергенімен мағынасы сақталған.

Осыған орай ежелгі заманнан бері Евразияны мекен еткен тұрғындардың монументальдық өнерінің ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқанының куәгерлері тас мүсіндерін зерттеудің мәні зор екенін атап өткіміз келеді.

Орталық Қазақстанда ғасырлар бойы қазіргі уақытқа дейін келіп жеткен мүсін тастар саны 300-ден асады. Олардың 100-ге жуығы меңгірлер, 30-дайы сақтардікі, түркі-қыпшақ мүсіндері 200-ден көп. 1946-1962 жылдары Ә.Х. Марғұлан зерттеген мүсіндердің көпшілігін қазіргі уақытта табу мүмкін емес, ол жайында ғалым сол кездің өзінде-ақ өз мақаласында: «тас мүсіндер Орталық Қазақстанда бұрын өте көп болған, бірақ кейін олардың бір талайы құлап, бүліншілікке ұшыраған, біразын жолсоқты адамдар қопарып алып кеткен, не сындырып орнында қалдырған» (Марғұлан, 1966: 16), – деп ескерткен еді. Ғалымның ескертіп кеткеніндей жыл өткен сайын табиғат және адам факторлары салдарынан тас мүсіндер саны одан да жылдам азаюда.

*Жұмыс ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің OR11465466 «Этномәдени зерттеулер контекстіндегі Ұлы дала» жобасы аясында дайындалды.*

## Әдебиеттер

- Бейсенов А.З., Хасенова Б.М., Ахияров И.К., Дуйсенбай Д.Б. (2018) Курган с «усами» Кабантау в Центральном Казахстане // Вестник Дагестанского научного центра. № 71. С. 64-76.
- Валиханов Ч.Ч. (1984). Собрание сочинений: в 5 т. Алма-Ата: Главная редакция Каз. Советской энциклопедии. 1 т. 432с.
- Досымбаева А.М., Нускабай А. (2012). Тюркский археолого-этнографический комплекс Кумай. Астана. 146 с.
- Ермоленко Л.Н. (2004). Средневековые каменные изваяния казахстанских степей (типология, семантика в аспекте военной идеологии и традиционного мировоззрения). Новосибирск: Изд-во Ин-та археологии и этнографии СО РАН. 132 с.
- Қасенова А.Д. (2019). Изучение тюркских каменных изваяний Сарыарки на современном этапе // Поволжская археология. № 2 (28). С. 42-55.
- Қасенова А.Д. (2020). Каменные изваяния Сарыарки (история изучения). Алматы: Институт археологии им. А.Х. Маргулана. 196 с.
- Қасенова А.Д. (2021). Сарыарқаның түркі тас мүсіндерінің қазіргі кезеңдегі зерттелу тарихы // Вестник КазНУ. Серия историческая. № 2. Т. 101. 160-168 бб.
- Қастанье И.А. (2007). Древности Киргизской степи и Оренбургского края. 2-е изд. Алматы: Дайк-Пресс, 516 с.
- Құрманқұлов Ж., Ермоленко Л.Н. (2014). Ежелгі Сарыарқа: тас мүсіндер. Караганды: «Credos Ltd С» баспасы. 168 б.
- Құрманқұлов Ж., Ермоленко Л.Н., Қасенова Ә.Д. (2021). Орталық Қазақстанның тас мүсіндері (зерттелу тарихы). Алматы: Институт археологии им. А.Х. Маргулана 128 б., илл.
- Манапова Ә.М. (2004). Ә.Х. Марғұлан археология ғылымының негізін салушы // Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының Хабаршысы, Қоғамдық ғылымдар сериясы. №1, 4-16 бб.
- Маргулан А.Х. (1948). Археологические разведки в Центральном Казахстане (1946) // Известия Академии наук Казахской ССР. Вып. 4. С. 119-144.
- Марғұлан Ә.Х. (1966). Ұлытау төңірегіндегі тас мүсіндер // Ежелгі мәдениет куәлері. Алматы: «Казахстан» баспасы. 8-52 бб.
- Маргулан А.Х. (2003). Каменные изваяния Улытау // Сочинения: в 14 т. Т. 3-4 / сост. Д.А. Маргулан, Д. Маргулан. Алматы: Дайк-Пресс. 36-136 бб.
- Кызласов Л.Р. (1969). История Тувы в средние века. Москва: Изд-во Моск. ун-та., 211 с.

Савинов Д. Г. (1989). Об одной группе оленных камней (По материалам Центрального Казахстана) // Маргулановские чтения (Сборник материалов конференции). Алма-Ата, С. 150-155.

Васютин А.С. (1983). Культовые памятники древних тюрок Горного Алтая (VII-X вв. н.э.) / А. С. Васютин: Автореф. дис. ... канд. ист. наук. Кемерово. 16 с.

Чариков А.А. (1987). Изобразительные особенности каменных изваяний Казахстана // Советская археология. №1. С. 87-102.

Шер Я.А. (1966). Каменные изваяния Семиречья. Москва: Ленинград. 138 с.

## References

Beisenov A. Z., Hasenova B. M., Ahiarov I. K., Duisenbai D.B. (2018) Kurgan s «usami» Kabantau v Centralnom Kazahstane [Mound with «whiskers» Kabantau in Central Kazakhstan] // Vestnik Dagestanskogo nauchnogo centra. № 71. S. 64–76.

Valihanov Ch.Ch. (1984). Sobranie sochineni: v 5 t. [Collected works: in 5 vols.] Alma-Ata: Glavnaia redaksiia Kaz. Sovetskoi ensiklopedii. 1 t. 432 s.

Dosymbaeva A. M., Nuskabai A. (2012). Turkski arheologo-etnograficheski kompleks Kumai [The Turkic archaeological and Ethnographic complex Kumai]. Astana. 146 s.

Ermolenko L.N. (2004). Srednevekoveye kamenye izvaiania kazahstanskih stepei (tipologia, semantika v aspekte voenoi ideologii i tradisionnogo mirovozrenia) [Medieval stone sculptures of the Kazakh steppes (typology, semantics in aspects of military ideology and traditional worldview)]. Novosibirsk: Izd-vo In-ta arheologii i etnografii SO RAN. 132 s.

Kasanova A.D. (2019). Izuchenie turkskih kamennyh izvaiani Saryarki na sovremennom etape [The study of the Turkic stone sculptures of Saryarka at the present stage] // Povoljskaia arheologia. № 2 (28). 42–55 s.

Kasanova A.D. (2020). Kamennye izvaiania Saryarki (istoria izucheniia) [Stone statues of Saryarka (history of study)]. Almaty: Institut arheologii im. A. H. Margulana, 196 s.

Kasanova A.D. (2021). Saryarqanyn turki tas musinderinin qazirgi kezendegi zerttelu tarihy [The history of the study of the Turkic stone statues of Saryarka at the present stage] // Vestnik KazNU. Seria istoricheskaiia. № 2. T. 101. 160–168 bb.

Kastane I.A. (2007). Drevnosti Kirgizskoi stepi i Orenburgskogo kraia [Antiquities of the Kyrgyz Steppe and Orenburg Region]. 2-e izd. Almaty: Daik-Pres, 516 s.

Kurmankulov J., Ermolenko L.N. (2014). Ejelgi Saryarqa: tas musinder [Ancient Saryarka: stone statues]. Karagandy: «Credos Ltd C» baspasy. 168 b.

Kurmankulov J., Ermolenko L.N., Qasanova A.D. (2021). Ortalyq Qazaqstannyn tas musinderi (zerttelu tarihy) [Stone statues of Central Kazakhstan (history of study)]. Almaty: Institut arheologii im. A.H. Margulana. – 128 b., ill.

Manapova A.M. (2004). A.H. Margulan arheologia gylymynyn negizin salushy [A.Kh. Margulan is the founder of archaeological science] // Qazaqstan Respublikasy Ulttyq Gylym akademiasynyn Habarshysy. Qogamdyq gylymdar seriasy. №1, 4-16 bb.

Margulan A.H. (1948). Arheologicheskie razvedki v Centralnom Kazahstane (1946) [Archaeological exploration in Central Kazakhstan (1946)] // Izvestia Akademii nauk Kazahskoi SSR. Vyp. 4. 119-144 bb.

Margulan A.H. (1966). Ulytau toniregindegi tas musinder [Stone statues around Ulytau] // Ejelgi madeniet kualary. Almaty: «Kazahstan» baspasy. 8 – 52 bb.

Margulan A.H. (2003). Kamenye izvaiania Ulytau [Stone statues Ulytau] // Sochinenia: v 14 t. T. 3 – 4 / sost. D. A. Margulan, D. Margulan. Almaty: Daik-Pres. 36-136 s.

Kyzlasov L.R. (1969). Istoria Tuvy v srednie veka [The history of Tuva in the Middle Ages]. Moskva: Izd-vo Mosk. un-ta., 211 s.

Savinov D.G. (1989). Ob odnoi gruppe olennyh kamnei (Po materialam Sentralnogo Kazahstana) [About one group of deer stones (Based on the materials of Central Kazakhstan)] // Margulanovskie chteniia (Sbornik materialov konferensii). Alma-Ata, S. 150–155.

Vasutin A.S. (1983). Kultovye pamyatniki drevnih turok Gornogo Altaia (VII–X vv. n. e.) [Cult monuments of the ancient Turks of the Altai Mountains (VII–X centuries AD)] / A.S. Vasutin // Avtoref. dis. ... kand. ist. nauk. Kemerovo., 16 s.

Charikov A.A. (1987). Izobrazitelnye osobennosti kamennyh izvaiani Kazahstana [Pictorial features of stone statues of Kazakhstan] // Sovetskaia arheologia. №1. S. 87-102.

Sher Ia.A. (1966). Kamenye izvaiania Semirechya [Stone statues of Semirechye]. Moskva: Leningrad. 138 s.